

**«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің  
2025-2026 оқу жылында Қазақстан халқы тілдері күніне орай  
өткізілген іс-шаралар есебі.**

Ағымдағы жылыдың 5-16-қыркүйек күндері мектебімізде Қазақстан халқы тілдері онкүндігі болып өтті. Онкүндікті салтанатты жиынмен ашып, 5а сынып оқушылары тақырыпқа байланысты жаттаған өлеңдерін ортаға салды. Мектеп оқушылары онкүндіктің жоспарымен таныстырылып, мақсаттары айтылып өтті.

[https://www.instagram.com/astrakhan1\\_school/p/DON3AK0iHeF/?hl=ru](https://www.instagram.com/astrakhan1_school/p/DON3AK0iHeF/?hl=ru)

09.09.2025 күні «Полиглот» атты ағылшын тілі, орыс тілі және әдебиеті пәнінен құралған зияткерлік ойының 8 «А» және 8«Ә» сыныптары арасында ағылшын тілі пәні мұғалімдері Оспанова Г.К. және Айтжанова А.С. өткізді. Аталған іс-шараны өткізудің мақсаты сөйлеу әрекетінің барлық түрлері бойынша оқушылардың сөйлеу құзыреттілігін жетілдіру, шығармашылық міндеттерді шешу үшін алған біліктері мен дағдыларын іс жүзінде қолдану, оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен шығармашылық ойлауын қалыптастыру болды. Оқушылардың үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) сөйлеу дағдыларын дамыту, сөздік қорын байыту, тапқырлық пен ойлау қабілеттерін шыңдау, қазақтың ұлы ойшылдары Абай Құнанбайұлы мен Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері мен шығармашылығын дәріптеу. Сонымен қатар оқушылардың топпен жұмыс жасау мәдениетін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Тілдер күніне арналған онкүндік аясында 9 «А» – 9 «Ә» сыныптарымен «Тіл – мәдениеттер достығының кілті» тақырыбында дебат өткізілді. Бұл тақырып өте өзекті әрі маңызды болды. Қатысушылар тілдің әртүрлі ұлт өкілдерін біріктіретін басты қарым-қатынас құралы екенін дұрыс атап өтті. Аргументтердің күшті тұсы – тіл өзара түсіністікті орнатуға және қақтығыстардың алдын алуға көмектесетіні болды. Әсіресе бірнеше тілді білу адамның дүниетанымын кеңейтіп, әлем халықтарымен достық пен ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік беретіні жайлы ой ерекше орынды болды. Жалпы дебат барысында тоғызыншы сынып оқушылары тілдің мәдениеттер арасындағы достық пен келісімді нығайтудағы маңызын түсінетінін көрсетті. Сөйлеулер мазмұнды, дәлелді болды және барлық тараптардың белсенді қатысуын айқындады.

Мектебіміздің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі «Мен үйренген жаңа сөздер» тақырыбында 5а-5ә сыныптарымен өте тартымды сыныптан тыс ұйымдастырды. Бұл сабақ “Мен үйренген жаңа сөздер” тақырыбына арналып, Тілдер күні мерекесімен байланыстырылған. Сабақтың негізгі мақсаты – оқушылардың сөздік қорын кеңейту, үйренген жаңа сөздерін есте сақтап, оларды сөйлемде дұрыс қолдануға дағдыландыру. Сабақ барысында оқушылар жеке, жұптық және топтық жұмыстар арқылы жаңа сөздерді қайталап, есте сақтау ойындарын ойнайды, өздерінің “сөздік банкі” (word

bank) құрайды және шығармашылық жұмыс ретінде жаңа сөздермен постер жасайды. Сонымен қатар, сабақта ойын элементтері, интерактивті әдістер және топтық ынтымақтастық қолданылады.

9-11 сынып оқушылар арасында «Менің тілім-менің мақтанышым» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар берілген тақырып бойынша өз ойларын қағаз бетіне түсірді. Үздік эсселер іріктеліп, оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.

Мектебіміздің кітапханасысы Тұрдымұратова Батестің басшылығымен « Ахмет Байтұрсынұлы-ұлт ұстазы» тақырыбында кітап көрмесі дайындалды. Көрмеге ақынның шығармалары қойылып, оқушылардың назарына ұсынылды.

28 қыркүйек күні мектебімізде 6-сынып оқушылары арасында "Мақал – сөздің мәйегі" атты танымдық сайыс өткізілді. **Мақсаты:** Оқушыларды ана тілін сүйуге, сөз қадірін түсінуге баулу. Халық ауыз әдебиетіндегі тәрбиелік мәні зор мақал-мәтелдерді терең меңгерту, олардың мазмұнын ұғынып, өмірде қолдана білуге үйрету. Сонымен қатар, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, тапқырлығын, шешендік өнерін дамыту, қазақтың ұлттық құндылықтарын құрметтеуге тәрбиелеу. Жан-жақты ізденуге, өз ойын еркін жеткізе білуге, топпен жұмыс жасауға дағдыландыру.

Мектебіміздің көшбасшылар клубы «Достық пен ынтымақ» тақырыбына орай 5-11-сынып оқушыларының арасында флешмоб ұйымдастырды. Флешмобқа оқушылар белсенді қатысып, көтеріңкі көңіл күймен бөлісті.

Жоспарға сай қойылған іс-шаралар толық ұйымдастырылып, апталықтың жабылу барысында белсенді оқушылар мен сыныптар марапатталды.

Жауапты: ҚГ әдістемелік бірлестігі Аскарова К.Ж.

Орындаған: ДҒӨДЖО  
87022671028

Кошекбаева Г.А.

Мектеп директоры

Шонгалова Г.Б.